

ISSN (Print) 2616-6895
ISSN (Online) 2663-2497

ВЕСТНИК
ЕВРАЗИЙСКОГО
НАЦИОНАЛЬНОГО
УНИВЕРСИТЕТА
ИМ. Л.Н. ГУМИЛЕВА

BULLETIN
of
L.N. GUMILYOV
EURASIAN NATIONAL
UNIVERSITY

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы
PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series
Серия ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ

№ 4 (125)/2018

1995 жылдан бастап шығады
Founded in 1995
Издается с 1995 года

Жылына 4 рет шығады
Published 4 times a year
Выходит 4 раза в год

Астана, 2018
Astana, 2018

Бас редакторы
Молдажанова А. А.
п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары (педагогика)	Г.Ж. Менлибекова , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (психология)	А.Р. Ерментаева , п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Бас редактордың орынбасары (социология)	Н.О. Байғабылов , PhD (Қазақстан)

Редакция алқасы

Иванова Г.П.	п.ғ.д. (Ресей)
Исламова З.М.	п.ғ.к., доцент (Ресей)
Кажғалиева А.	докторант (Қазақстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Қазақстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Сейтқазы П.Б.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Сунарчина М.М.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Толубекова Р.К.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Уразбаева Г.Т.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хан Н.Н.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	э.ғ.д., проф. (Түркия)
Шайхисламов Р.Б.	э.ғ.д., проф. (Ресей)
Шалғынбаева Қ.Қ.	п.ғ.д., проф. (Қазақстан)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.,
Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Жауапты хатишы, компьютерде беттеген: Ә. С. Жұматаева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы.
ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. ӘЛЕУМЕТТАНУ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігімен тіркелген. 27.03.18 ж. № 17001-
Ж -тіркеу куәлігі

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31432)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief
Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof.(Kazakhstan)
A.A. Moldazhanova

Deputy Editor-in-Chief (pedagogy) **G.Zh.Menlibekova**, Doctor of Pedagogical Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (psychology) **A.R. Yermentayeva**, Doctor of Psychological Sciences,
Prof. (Kazakhstan)
Deputy Editor-in-Chief (sociology) **Н.О. Байғабдылов**, PhD (Қазақстан)

Editorial board

Ivanova G.P.	Doctor of Pedagogical Sciences (Russia)
Islamova Z.M.	Can. of Pedagogical. Sciences, Assoc.Prof (Russia)
Kazhaliyeva A.	Doctoral Candidate (Kazakhstan)
Kaldybayeva O.V.	PhD (Kazakhstan)
Koleva I.	Dr. (Bulgaria)
Seytkazy P.B.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Sunarchina M.M.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Toleubekova R.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, prof.(Kazakhstan)
Urazbayeva G.T.	Doctor of Pedagogical Sciences, prof. (Kazakhstan)
Khan N.N.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)
Hayati Tufekcioglu	Doctor of Sociology, Prof. (Turkey)
Shaikhislamov R.B.	Doctor of Sociology, Prof. (Russia)
Shalgynbayeva K.K.	Doctor of Pedagogical Sciences, Prof.(Kazakhstan)

Editorial address:2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
L.N.Gumilyov Eurasian National University
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Responsible secretary, computer layout: A.S.Zhumatayeva

Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University PEDAGOGY. PSYCHOLOGY. SOCIOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of information and communication of Republic of Kazakhstan.

Registration certificate No. 17001-Ж from 27.03.18

Periodicity: 4 times a year

Circulation: 35 copies

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext.31432)

© **L.N.Gumilyov Eurasian National University**

Главный редактор
д.п.н., профессор
А. А. Молдажанова (Казахстан)

Зам. главного редактора (педагогика)	Г.Ж. Менлибекова , д.п.н., проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (психология)	А.Р. Ерментаева , д.пс. наук, проф. (Казахстан)
Зам. главного редактора (социология)	Н.О. Байгабылов , PhD (Казахстан)

Редакционная коллегия

Иванова Г.П.	д.п.н. (Россия)
Исламова З.М.	к.п.н., доцент (Россия)
Кажғалиева А.	докторант (Казахстан)
Калдыбаева О.В.	PhD (Казахстан)
Колева И.	докт. (Болгария)
Сейтказы П.Б.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Сунарчина М.М.	д.с.н., проф. (Россия)
Толубекова Р.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Уразбаева Г.Т.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Хан Н.Н.	д.п.н., проф. (Казахстан)
Хаяти Тюфекчиоглу	д.с.н., проф. (Турция)
Шайхисламов Р.Б.	д.с.н., проф. (Россия)
Шалғынбаева К.К.	д.п.н., проф. (Казахстан)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сагпаева, 2, каб. 408,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31432)
E-mail: vest_pedpsysoc@enu.kz

Ответственный секретарь, компьютерная верстка: А. С. Жуматаева

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева.

Серия: ПЕДАГОГИКА. ПСИХОЛОГИЯ. СОЦИОЛОГИЯ.

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций Республики Казахстан.

Регистрационное свидетельство № 17001-Ж от 27.03.18 г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн.31432)

МАЗМҰНЫ

ПЕДАГОГИКА

<i>Әбелдына Ж.Қ., Әлімқұлова Ә.Ж., Молдумарова Ж.Қ., Молдумарова Ж.Е., Әбелдына Р.К.</i> Динамикалық виртуалды орта оқу сапасын арттыру факторы ретінде	8
<i>Байсалықова Ш.А., Баегизова А.С.</i> ЖОО-ғы білім беру барысында пәнаралық интеграция техникалық ғылым және технологиялар деңгейінде оқу үрдісіне пәнаралық интеграцияның даму тенденциялары	16
<i>Байсарина С.С., Әскербекова А.Е.</i> Студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру жолдары	22
<i>Байсарина С.С., Сламбекова Т.С., Боранбаева М.С.</i> Деңгейлеп саралап оқыту технологиясының ерекшеліктері	31
<i>Бурмистрова В.А., Исатаева М.С.</i> Студенттердің оқу және оқудан тыс зерттеу жұмыстарының интеграциялық ерекшеліктері: ғылыми-бағдарланған тәсілдеме	38
<i>Каратаева А.А., Рахимжанова Л.Б.</i> Информатика курсына экономикалық есептерді модельдеуге оқыту технологиясы	47
<i>Көксеген Ә.Е.</i> Информатика пәні бойынша ағылшын тілінде педагогтардың қайта даярлау және біліктілігін артыруға арналған on-line оқу орталығын жасау	56
<i>Нурлыбекова А.Б., Полатова С.Д., Сырлыбаева Э.М.</i> Университетте шетел тілін оқытудағы көптілді топтарда тиімді тәсілдерді қолдану	61
<i>Серік М., Мухамбетова М.Ж., Құлтан Я.</i> «Клиент-сервер технологиясы» курсы бойынша жоғары оқу орнында білім берудің дидактикалық негіздері туралы	68
<i>Туралбаева А.Т.</i> Фасилитациялау біліктілікті арттыру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі	74
<i>Шалғынбаева Қ.Қ., Махадиева А. К.</i> Отбасындағы модельдің бұзылуы зорлық-зомбылықтың қайнар көзі	81

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Ерментаева А.Р., Әубәкірова Ж.Қ., Әуренова М.Д.</i> Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындаудың рөлі мен маңызы	89
<i>Урузбаева Г.Т., Валиева А.Б., Айтышева А.М.</i> Әлеуметтік саладағы болашақ мамандардың этникалық күзіреттілігі	97

ӘЛЕУМЕТТАНУ

<i>Мәтібаев Т. Б.</i> Әлеуметтік ынтымақтастық: тұжырымдама	102
<i>Накипбаева Ж.А.</i> Жаһандану жағдайындағы әйелдердің халықаралық некелік көші-қоны	108
<i>Тұрсынбаева Б.Ж., Байгабылов Н.О.</i> Экологиялық сананы қалыптастырудың әлеуметтанулық аспектілері	114
<i>Урузбаева Н.А., Мусина К.П.</i> Қазақстанда өнімді жұмыспен қамту және бұқаралық кәсіпкерлікті дамытуды әлеуметтік-экономикалық талдау	121

CONTENTS

PEDAGOGY

<i>Abeldina Zh.K., Alimkulova E.Zh., Moldumarova Zh. K., Moldumarova Zh.E., Abeldina R.K.</i> Dynamic virtual environment as a factor in improving the quality of education	8
<i>Baisalikova Sh.A., Bayegizova A.S.</i> Development trends of interdisciplinary integration in the educational process of the university at the level of technological sciences and technologies ...	16
<i>Baisarina S.S., Askerbekova A.E.</i> Ways of organizing independent work of students	22
<i>Baisarina S.S., Slambekova T.S., Boranbaeva M.S.</i> Features of differentiated learning technologies	31
<i>Burmistrova V.A., Issatayeva M.S.</i> Features of the integration of training and extracurricular research work of students: a science-oriented approach	38
<i>Karatayeva A.A., Rakhimzhanova L.B.</i> Technology for training on modeling of economic tasks in the informatics course	47
<i>Koxegen A.E.</i> Creating on-line center for retraining and qualifications increasing the teachers computer science in English	56
<i>Nurlybekova A.B., Polatova S. D., Sirlibaeva E. M.</i> The usage of effective approaches in teaching a foreign language in the multilingual University groups	61
<i>Serik M., Mukhambetova M., Kultan J.</i> About didactic foundations of teaching in higher education by the client-server technology course	68
<i>Turalbayeva A.T.</i> Facilitation as one of the basic principles of the advanced training system ...	74
<i>Shalgynbayeva K.K., Makhadiyeva A.K.</i> Disruption of the family model as a source of violence	81

PSYCHOLOGY

<i>Yermentayeva A. R., Aubakirova Zh. K., Aurenova M.A.</i> Role and importance of subject-oriented psychological training of students	89
<i>Uruzbayeva G.T., Valiyeva A.B., Aitysheva A.M.</i> Ethnic competence of the future specialist social sphere	97

SOCIOLOGY

<i>Matibaev T.B.</i> Social cooperation: concept and essence	102
<i>Nakipbayeva Zh.</i> International marriage migration of women in globalization conditions	108
<i>Tursynbayeva B.Zh., Baigabylov N.O.</i> Social aspects of the formation of the ecological consciousness	114
<i>Uruzbayeva N.A., Mussina K.P.</i> Socio-economic analysis of the productive employment and mass entrepreneurship development in Kazakhstan	121

СОДЕРЖАНИЕ

ПЕДАГОГИКА

<i>Абельдина Ж.К., Алимкулова Э.Ж., Молдумарова Ж.К., Молдумарова Ж.Е., Абельдина Р.К.</i> Динамичная виртуальная среда как фактор повышения качества обучения	8
<i>Байсалыкова Ш.А., Баегизова А.С.</i> Тенденции развития междисциплинарной интеграции в образовательном процессе вуза на уровне технологических наук и технологий	16
<i>Байсарина С.С., Аскербекова А.Е.</i> Способы организации самостоятельной работы студентов	22
<i>Байсарина С.С., Сламбекова Т.С., Боранбаева М.С.</i> Особенности дифференцированных технологий обучения	31
<i>Бурмистрова В.А., Исатаева М.С.</i> Особенности интеграции учебной и внеучебной исследовательской работы студентов: научно-ориентированный подход	38
<i>Каратаева А.А., Рахимжанова Л.Б.</i> Технология обучения моделированию экономических задач в курсе информатики	47
<i>Коксеген А. Е.</i> Создание on-line центра по переподготовке и повышения квалификации педагогов информатики на английском языке	56
<i>Нурлыбекова А.Б., Полатова С.Д., Сырлыбаева Э.М.</i> Использование эффективных подходов в обучении иностранному языку в полиязычных группах университета	61
<i>Серик М., Мухамбетова М.Ж., Култан Я.</i> О дидактических основах обучения в вузах по курсу «Клиент-серверные технологии»	68
<i>Туралбаева А.Т.</i> Фасилитация как один из основных принципов системы повышения квалификации	74
<i>Шалгынбаева К.К., Махадиева А. К.</i> Нарушение семейной модели как источник насилия	81

ПСИХОЛОГИЯ

<i>Ерментаева А.Р., Аубакирова Ж.К., Эуренова М.Д.</i> Роль и значение субъектно-ориентированной психологической подготовки студентов	89
<i>Урузбаева Г.Т., Валиева А.Б., Айтышева А.М.</i> Этническая компетентность будущего специалиста социальной сферы	97

СОЦИОЛОГИЯ

<i>Матибаев Т.Б.</i> Социальное сотрудничество: концепция и сущность	102
<i>Накипбаева Ж.А.</i> Международная брачная миграция женщин в условиях глобализации.....	108
<i>Турсынбаева Б.Ж., Байгабылов Н.О.</i> Социальные аспекты формирования экологического сознания	114
<i>Урузбаева Н.А., Мусина К.П.</i> Социально-экономический анализ развития продуктивной занятости и массового предпринимательства в Казахстане	121

XFTAP 15.41.49

Қ.Қ. Шалғынбаева, А. К. Махадиева

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан

(E-mail: kadisha1954@mail.ru, asema_2189@mail.ru)

Отбасындағы модельдің бұзылуы зорлық-зомбылықтың қайнар көзі

Аннотация. Отбасындағы беріктік көп жағдайда ер мен әйел арасындағы теңсіздіктен, бостандықтың шектелуінен бұзылады. Адамдар арасындағы қарым-қатынастың күрделілігі отбасындағы қарым-қатынастан анық білінеді. Соңғы жылдары елімізде ажырасудың, отбасындағы зорлық-зомбылықтың, әйелдер мен балаларға жасалған ұрып-соғу, кісілік құқығына, адамдық болмысына қол сұғу секілді жағдайлардың көбеюі бұл тақырыпты тереңірек зерделеу қажеттігін туындатты. Отбасылық модельдің бұзылуы көп жағдайда ер адамның әйеліне (серіктесіне) қол жұмсауынан, оны кемсітуінен, кісілік құқығына қол сұғудан туындап жатады. Біз бұл мақалада осы жағдайлардың шығу себебі мен отбасындағы қайшылықтардың шоғырын, отбасы мүшелерінің типтерін және соңғы статистикалық мәліметтер мен зерттеулерді негізге алдық.

Отбасындағы жанжалдың түп төркіні тек ер мен әйел арасындағы әлімжеттіктен тұрмайды. Мұнда отбасы мүшелерінің мінез-құлқы, өскен ортасы, бала кезіндегі түрлі психологиялық соққылар, әлеуметтік жағдайдың төмендігі, ер адамның ішімдікке, нашақорлыққа тәуелділігі, отбасындағы серіктесін қызғану, туа бітті мінездің түрлі себеппен бұзылуы, отбасын жоспарлаудың дұрыс болмауы және т.б. мәселелер әсер етеді. Мақалада осы жағдайлар жинақталып мазмұндалды.

Сонымен қатар, мақала авторлары еліміздегі отбасындағы зорлық-зомбылық туралы зерттеулерді негізге ала отырып, отбасылық кикілжің, ұрыс-керіс, ер мен әйел арасындағы жанжалдың шығу себебін ұлттық менталитеттің, отбасылық дәстүрдің өзгеруінен деп түйіндеді.

Түйін сөздер: отбасы, зорлық-зомбылық, отбасы моделі, қарым-қатынас, тұлғалық мінездеме, отбасылық құндылық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2018-125-4-81-88>

Кіріспе. Еліміздің президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әлауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында: «... Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуы тиіс» - делінген болатын [1].

Өйткені, отбасы - қоғамдық және отбасы мүшелерінің мүдделері бірге ұштасқан ерекше әлеуметтік институт ретінде өзіндік атқаратын қызметтері бар. Отбасының негізгі қызметтеріне қоғамның талаптары мен сұраныстары, отбасының құқтары мен моральдық нормалары, мемлекеттің отбасына шынайы көмегі сияқты факторлар ықпал етеді.

Мәселен, Р.Н. Нұрғалиевтің философиялық сөздігінде: «Отбасы – әлеуметтік қауымдастықтың түрі, яғни ерлі-зайыптылық одаққа және ері мен әйелінің, ата-аналар мен апа-қарындасардың, бірге тұрып, ортақ шаруашылық жүргізетін туыстардың арасындағы сан алуан қатынастарға негізделген жеке тұрмысты ұйымдастырудың маңызды формасы» - деп сипаттама берілген [2, с. 317-318].

Демек, отбасы – бұл адамдардың әлеуметтік-педагогикалық тәрбие ортасы, әрбір мүшенің өзін-өзі сақтауы, ұрпақты жалғастыру және өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы.

Алайда, әйелдерге қатысты түрлі формадағы зорлық-зомбылық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарды бұзу болып табылады. Әйелдер бүкіл әлемде жасына, нәсіліне немесе ұлтына қарамастан зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Отбасында серіктесі (күйеуі, бұрынғы күйеуі) әйелді қорлап, оған достары мен туыстарын көруге мүмкіндік бермей, әйелді, балаларды ұрып, өз еркінсіз жыныстық қатынасқа түсуге мәжбүрлесе - зорлық-зомбылық болып есептеледі. Мұндай отбасында ері әйелдің жұмыс істеуін қаламай,

отбасылық ақшаны тек ері дұрыс басқара алатынына сендіріп, үнемі сынайды (әйел қалай киінеді, қалай тамақ дайындайды, қалай сырт көзге көрінеді), балалардың алдында үнемі кінә сезімін туындатады және жанама зорлық-зомбылық үшін балаларды пайдаланады. Осындай жағдайда әйел өзін дәрменсіз және отбасына қажетсіз жалғыз сезінеді, серіктесінен қорқады, барлық жағдайға тек өзін кінәлап, өзіне тұлға ретінде емес, борыш сезіміне мойынсұну арқылы өмір сүреді [3, с.223].

Мақсаты: мақала тақырыбын ашып қарастыру, отбасы моделінің бұзылуынан әйелдердің отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болу себептерін айқындау.

Міндеттері:

- отбасындағы зорлық-зомбылықтың мәнін әлеуметтік құбылыс ретінде қарастыру;
- статистикалық деректерді талдау арқылы отбасындағы зорлық-зомбылық деңгейін, құрылымын және тенденциясын зерттеу.

Тарихы: бүгінгі күні Халықаралық ұйымының мәліметтері тұрмыстағы зорлық-зомбылықтың кең таралғанын көрсетеді. 1992 жылы Әйелдер мүдделерін дамыту жөніндегі БҰҰ қоры (ЮНИФЕМ) әлемнің барлық елдеріндегі әйелдерді ұрып-соғу туралы статистиканы жинақтады. Баяндамадан әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық қарым-қатынасы кең таралған елдер қатарында: Бангладеш, Барбадос, Гватемала, Үндістан, Кения, Колумбия, Коста-Рика, Норвегия, Чили, Шри-Ланка болды.

Ал, Америка Құрама Штаттарында келтірілген мәліметтерге сүйенсек, әр 15 секунд сайын әйелді ұрып-соғу фактісі кездеседі, әйелдердің 50%-дан астамы некеде кемінде бір рет күйеуінен таяқ жейді. Отбасындағы зорлық-зомбылықтың кең таралған түрі - әйелдерге физикалық күш қолдану. Травматологиялық пунктте тіркелгендердің 20%-ы - күйеуі ұрған әйелдер. Төрт жағдайдың үшеуінде әйелдерді ерлері ұрып өлтірген. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың 95%-ы ерлермен жасалады. Отбасындағы зорлық-зомбылық оқиғаларының 75% -дан астамы ажырасқаннан кейін болған. Егер әйел оны ұрып-соғатын күйеуінен кетсе, ол 75% өлім қаупін арттырады [4].

Осындай әлемдік деңгейдегі алынған мәліметтерден, зорлық-зомбылық әртүрлі деңгейдегі дамуды төмендететінін көреміз, бұл физикалық, адами және әлеуметтік капиталдың құнсыздануына алып келеді [5, 2].

Соңғы деректер бойынша, 15 жастан және одан жоғары жастағы әйелдердің шамамен 30%-ы өмір бойы физикалық немесе жыныстық зорлық-зомбылыққа тап болған. Әлемдегі әйелдер өлімінің басты себебі, ер адамның отбасындағы зорлық-зомбылығының кесірі [6, 1].

БҰҰ-әйелдер қорының мәліметі бойынша, отбасындағы зорлық-зомбылық салдарынан Қазақстанда жыл сайын шамамен 400 әйел өледі. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының мәліметінше, Қазақстанда әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық статистикасы өскен. 2016 жылы отбасындағы қылмыстық құқық бұзушылық 2,8%, 2017 жылы 4,7% құраған. 2015 жылмен салыстырғанда әйелдер мен балаларға қатысты қылмыс 90% -ға артқан [7].

Отбасы мәселелерін ТМД елдерінің ғалымдары В.И. Зацепин, В.Д.Цимбалюк, Г.М. Андреева, Д. Варга Ю.А. Королев, С.Д. Лаптенко, Г.К. Матвеев, А.М. Нечаев, Ю.И. Семенов, ал Қазақстанда С. Қалиев, Қ.Б. Жарықбаев, Ж.Б. Қоянбаев, К. Бейсенбаева М. Тажин, Б. Аяғанова, Қ. Әтемова, М.Т. Баймұқанова және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Отбасы дегеніміз - некеге қарағанда күрделірек қарым-қатынастар жүйесі, ол тек жұбайларды ғана емес, сонымен қатар балаларды, туыстарды, жұбайларға жақын адамдарды біріктіреді [8, 9]. Ғалым Ж.Б. Қоянбаевтың педагогикалық еңбегінде «Отбасы - ол бірге тұратын некеге негізделген қандас туыстар тобы» - деген анықтама берілген [9].

Н.Я. Савольевтің анықтамасы бойынша: «Отбасы - ерлі - зайыптылардың одағы мен туыстық қатынастарына негізделген қоғамның кішкентай әлеуметтік тобы, жеке тұрмысты

ұйымдастырудың маңызды формасы, яғни бірге тұратын және жалпы шаруашылықты бірге жүргізетін еркек пен әйелдің, ата-аналар мен балалардың, аға мен қарындастың немесе басқа туысқандардың арасындағы қарым-қатынас» [10, 8].

Отбасылық үлгі – отбасы мүшелерінің, ерлі-зайыптылар және ата-ана мен бала арасындағы өзара байланысты сипаттайтын қарым-қатынастар тізбегі. Л.Б. Шнейдер [11, с.486] өзінің «Отбасылық психология» жұмысында отбасылық (демократиялық) үлгісін неке және отбасылық қатынастар стандарты ретінде қарастырады, оның пікірінше, осы отбасындағы мақсат - өзара сенім мен қабылдау, отбасы мүшелерінің салыстырмалы автономиясы.

Әрбір бала отбасының үлгісін қайталайды. Қазақта «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» деп бекер пайымдамаған. Р. Барон мен Д. Ричардсон атап өткендей, «отбасы бір мезгілде агрессиялық мінез-құлық үлгілерін көрсете алады және оларды нығайта алады». Бала әлеуметтену барысында отбасында агрессивті мінез-құлықтың үлгісін өзіне қабылдайды. Отбасылық қарым-қатынастың сипаты отбасындағы агрессиялық мінез-құлық үлгісін қалыптастыруға зор ықпал етеді. Мысалы, ата-ана арасындағы зорлық-зомбылықты көріп өскен бала, өзінің отбасын құрғанда отбасы мүшелеріне физикалық күш қолданады. Яғни, көбіне зорлық-зомбылық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, қайталанып отырады. И. Фурманова өзінің еңбегінде, ата-анасының арасындағы агрессиялық қарым-қатынасты және физикалық жазалаудың құрбаны болған шамамен 30% бала, есейген шақта отбасында зорлық–зомбылық көрсетеді [12, с. 480].

Отбасындағы зорлық-зомбылық себептері: материалдық қиындықтар; отбасында жұмыссыздардың болуы; шешілмеген тұрғын үй мәселесі; отбасы мүшелерінің арасында маскүнемдік; отбасында нашақорлардың болуы; толық емес отбасы; отбасында өгей әке немесе өгей ананың болуы; мүгедек бала немесе денсаулыққа байланысты мәселелер; қажетсіз нәресте; қиын бала; көптеген моральдық тыйымдарды алып тастау; отбасылық қақтығыстар; әлсіздердің есебінен өзін-өзі растау; қоғамда таралатын қатыгездікке табынушылық.

Зорлық-зомбылықтың сыртқы себептері:

- алкогольдік ішімдіктер, нашақорлықты пайдалану;
- моральдық дағдарыс;
- мәдениет дағдарысы;
- бұқаралық ақпарат құралдарының ықпалы, адамға қатысты зорлық-зомбылық көріністерін үнемі көрсетіп, террористік актілердің суреттері, вандализм актілері, садизм және т.б.

Қазақстан Республикасының «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» заңының 4-бабында тұрмыстық зорлық-зомбылықтың түрлері көрсетілген:

1. Тұрмыстық зорлық-зомбылық күш көрсету, психологиялық, сексуалдық және экономикалық зорлық-зомбылық түрінде болуы мүмкін.

2. Күш көрсету зорлық-зомбылығы - дене күшін қолданып, денені ауыртып денсаулыққа қасақана зиян келтіру.

3. Психологиялық зорлық-зомбылық - адамның психикасына қасақана әсер ету, оны қорқыту, қорлау, бопсалау немесе құқық бұзушылықтарды немесе өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндіретін, сондай-ақ психикалық, дене және жеке басы дамуының бұзылуына әкелетін әрекеттерді жасауға мәжбүрлеу (еріксіз көндіру) арқылы ар-намысы мен абыройын кемсіту.

4. Сексуалдық зорлық-зомбылық - адамның жыныстық еркіндігіне қауіп төндіретін құқыққа қарсы қасақана іс-әрекет, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы іс-әрекеттер.

5. Экономикалық зорлық-зомбылық - адамды заңмен көзделген құқығы бар тұрғын

үйінен, тамағынан, киімінен, мүлкінен, қаражатынан қасақана айыру[13].

Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың салдары әрдайым бар, бірақ олар өте қиын жағдайларға клиникалық немесе клиникалық емес салдарға әкеліп соқтыруы мүмкін. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған әйелдерде жеке деформациялар, посттравматикалық стресстік бұзылулар (PTSD), күрделі Стокгольм синдромы және ұрып-соғатын әйелдердің синдромы болады.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың салдары әйелдің жеке деформациясына әкеліп соғады: өзіне деген сенімділік жойылады, өзін-өзі бағалауы төмендейді, алаңдаушылық дамып, неогендік невроз пайда болады. Өміріне деген жауапсыздық дамып, сонымен бірге серіктестіктің зорлық-зомбылыққа ұшыраған мінез-құлқы, зорлық-зомбылыққа бейімділігі үшін ақылға сыймайтын жауапкершілік (өзін-өзі айыптау) қабылданады. Іс-әрекеттеріне қатысты шешімдер, әртүрлі қажеттіліктерді қанағаттандыру серіктестің реакциясына байланысты жасалады. Тұтастай алғанда, өз күдігімен және іс-әрекеттеріне жауапкершілікті сезінуден қорқатын кез-келген шешім қабылдауда елеулі қиындықтарға тап болады.


Көптеген зерттеулерде көрсетілгендей, көбінесе неке қатынастарында агрессор ретінде күйеуі, ал жәбірленуші әйелі болады.

Зерттеу әдістері: Осыған орай, зерттеу барысында отбасы моделінің бұзылуынан әйелдердің отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болу себептерін айқындау мақсатында, отбасылық зорлық зомбылықтың құрбаны болған 50 әйелге зерттеу жүргіздік. Зерттеу 18 жастан 58 жасқа дейінгі тұрмыстағы зорлық-зомбылық құрбандарын, сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау және ішкі істер органдарының басшылығымен кәметке толмаған балаларды қабылдайтын Астана қаласындағы «Үміт» дағдарыс орталығында жүргізілді.

Зерттеу барысында, отбасылық генограмма, әйелдермен әңгімелесу, анамнез әдісі қолданылды және зорлық-зомбылықтың түрлеріне гистограмма құрылды, отбасында зорлық-зомбылық көрген әйелдердің демографиялық сипаттамасы жасалды:

- ✓ басым көпшілігі орта білімді;
- ✓ 18-50 жас аралығындағы әйелдер;
- ✓ балаларының саны 1-4;
- ✓ басым көпшілігі азаматтық некеде;
- ✓ әлеуметтік жағдайы төмен;
- ✓ балалық шағында психологиялық травма алған;
- ✓ отбасында күйеуінің ішімдікті асыра пайдалануы;
- ✓ заң алдында жауапқа тартылғандар;
- ✓ нашақорлар.

Нәтижесі: Отбасында құрбан болған әйелдерге анамнез әдісін жүргізіп, мәлімет жинақтау барысында зорлық-зомбылықтың түрлеріне гистограмма құрылды (сурет 1).



Сурет 1. Зорлық-зомбылық түрлері

№ 1 суреттен көріп отырғанымыздай отбасында құрбан болған әйелдердің басым көпшілігі, яғни 67 % физикалық зорлық-зомбылықтан зардап шеккен. Яғни, күйеуі/серіктесі тарапынан әйелге дене күшін қолданып, денсаулығына қасақана зиян келтірген. Құрбандардың 22% психологиялық зорлық-зомбылыққа ұшыраған. Әйелдердің психикасына қорлау, бопсалау арқылы денсаулықтарына қауіп төндірген. 6% сексуалдық, 5% экономикалық тұрғыдан зорлық-зомбылық көрген.

Отбасы моделінің бұзылуынан әйелдердің отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болу себептерін қарастыру барсында генограмма әдісі жүргізілді. Яғни, ұрпақтан - ұрпаққа берілетін отбасының психологиялық мінездемесі қарастырылды.

Зерттеудің нәтижесі бойынша құрбан болған әйелдің күйеуінің тұлғалық мінездемесі:

- ✓ импульсивті;
- ✓ өзін-өзі төмен бағалау;
- ✓ қызғаншақтық;
- ✓ отбасындағы жағдайды бақылауға ұмтылу;
- ✓ ерлі-зайыптылық қатынастағы регидтілік;
- ✓ зейін аудартуға деген гипертрофиялық қажеттілік;
- ✓ әріптеске эмоционалдық тәуелділік;
- ✓ жеке меншік ұстанымдар;
- ✓ кейде, діни сауатты болмаса да діндегі ұстанымдарды өз пайдасына

қолдану.

Құрбан болған әйелдің тұлғалық мінездемесі:

- ✓ күйеуіне экономикалық немесе эмоционалдық тәуелділік;
- ✓ фобия;
- ✓ өзін-өзі бағалауы төмен;
- ✓ агрессордың мінез-құлқының өзгеруіне кәміл сену;
- ✓ қызғаныш пен агрессия махаббаттың дәлелі деп сену;
- ✓ өз қажеттіліктерімен және күйеуімен бөлісе алмау;
- ✓ өз құқығын білмеу;
- ✓ жалғыздықтан қорқу;
- ✓ сауатсыздық.

Құрбан болған әйелдің күйеуінің ата-анасына мінездеме:

- ✓ әкесінің ішімдікке салынуы;
- ✓ физикалық күш қолдану;
- ✓ патриархалды отбасы;
- ✓ конфликтілі қарым-қатынас;
- ✓ балаларының отбасылық мәселесіне араласуы;
- ✓ ажырасу;
- ✓ көбіне ерінің көзге шөп салуы;
- ✓ өгей әкесінің балаға күш қолдануы.

Қорытындылай келе, зерттеудің нәтижесінен көріп отырғанымыздай әйелдердің отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуына отбасылық моделдің бұзылуы себеп болатындығы айқындалды. Отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болған әйелдер тұлғалық деформацияға ұшырайды, когнитивті процестер бұзылып, эмоционалдық тепе-теңдік болмай, мінез-құлқы өзгереді. Осыған орай әйелдердің өзін-өзі бағалауы төмендейді, өзін кінәлі сезініп, зорлық-зомбылық туралы көптеген аңыздарға сенеді, жағдайдың үмітсіздігінен жалғыздық сезімі туындап, өз-өзіне бағытталған агрессия, психосоматикалық аурулардың пайда болуына әкеледі.

Отбасы құндылығы – біржақтылы емес, екіжақтылы үдеріс, яғни ер мен әйелдің ортақ пікірлесуі, бірін-бірі сыйлауы, бір-бірінің ішкі әлемін құрметтеу арқылы қалыптасады. Отбасылық қарым-қатынастың сипаты отбасындағы агрессиялық мінез-құлық үлгісін қалыптастыруға зор ықпал етеді. Көбінесе, зорлық-зомбылық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, қайталанып отырады. Ата-анасының қарым-қатынасы баласына ықпал етеді. Баласы кейін өз отбасын солай құруға бейім тұруы да әбден мүмкін.

Сондықтан, бұл мақалада әлемдік және отандық ғалымдардың ғылыми тұжырымдары мен статистикалық мәліметтері арқылы еліміздегі отбасылық жағдайлар қарастырылды. Ер мен әйел арасындағы қарым-қатынастың өзекті мәселелері әлемдік жағдайлармен салыстырмалы түрде сараланды десек те, менталитеттік әрі әлеуметтік-психологиялық жіктелулерге байланысты ерекшеліктер бар екеніне мән берілді. Ғылыми тұжырымдар мен зерттеулер нақты мәліметтермен мазмұндық тұрғыда сипатталды.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жолдауы [Электрондық ресурс].- 2018.URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K18002018_1 (Қарау мерзімі: 05.10.2018)
2. Нурғалиев Р.Н. Философский словарь.- Алматы: Ана-тілі,- 423с.
3. Кораблина Е.П., Акиндинова И.А., Баканова А.А., Родина А.М. Искусство исцеления души: Этюды о психологической помощи: Пособие для практических психологов. СПб., 2001. -319 с.
4. ООН, Центр по социальному развитию и гуманитарным вопросам [Электрондық ресурс]. - 1998. URL: <http://www.un.org/ru/ga/70/presskit/>
5. Garcia-Moreno C, Jansen HAFM, Ellsberg M, Heise L, Watts C. WHO multicounty study on women's health and domestic violence against women: initial results on prevalence, health outcomes and women's responses. Geneva: World Health Organization; 2005- 3p.
6. Karen M. Devries , Joelle . Mak , Loraine J. Bacchus , Jennifer C. Child , Gail Falder , Max Petzold , Jill Astbury, Charlotte H. Watts. Intimate Partner Violence and Incident Depressive Symptoms and Suicide Attempts: A Systematic Review of Longitudinal Studies. PLOS Medicine | www.plosmedicine.org. -2013 . -Vol. 10. -Is. 5 . e1001439. 1p.
7. Абдықадырова Р.//В Казахстане стало больше насилия [Электрондық ресурс] -URL:<https://rezonans.kz/obshchestvo/4344-v-kazakhstane-stalo-bolshe-nasiliya>
8. Баймұқанова М.Т. Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс.-Астана: Парасат әлемі, 2005.-180 б.
9. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р.М. Педагогика. - Алматы: Жалын, 1995.- 276 с.
10. Соловьев Н.Я. Брак и семья сегодня. - Вильнюс, 1977.-164 с.
- 11.Шнейдер Л.Б. Семейная психология: учебное пособие для вузов. 2011, 736 с.
- 12.Фурманова И.А. Агрессия и насилие: диагностика, профилактика и коррекция/ СПб.: Речь, 2007.- 480 с.
- 13.«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 4-бап.

К.К. Шалгынбаева, А.К. Махадиева

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Нарушение модели семьи как источник насилия

Аннотация. Прочность семьи часто нарушается из-за неравноправия мужчины и женщины в семье и ограничения женской свободы. Сложность межличностных отношений проявляется в семейных отношениях. В последние годы увеличилось число случаев развода, насилия в семье, изнасилований и жестокого обращения с детьми, нарушений прав человека и торговли людьми. Нарушения семейной модели часто являются результатом рукоприкладства, дискриминации и нарушением прав женщины со стороны партнера (мужа). В данной статье мы рассматриваем главные причины этих ситуаций, источники семейных конфликтов, типы членов семьи, а также последние статистические данные и исследования. В корне семейных конфликтов лежат не только обиды или разногласия между мужчиной и женщиной, но и поведение членов семьи, различные психологические травмы, полученные в детстве, плохие социальные условия, зависимость от алкоголя (чаще мужчин), ревность в семье, плохое планирование семьи и т.д. Согласно последним исследованиям, проведенным в стране, авторы пришли к выводу, что причиной конфликта между членами семьи может быть так же изменение национального менталитета, семейных ценностей и традиций.

Ключевые слова: семья, насилие, модель семьи, взаимоотношение, характеристика личности, семейная ценность.

K.K.Shalgynbayeva, A.K. Makhadiyeva

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Disruption of the family model as a source of violence

Abstract. The strength of the family is often violated because of the unequal rights of men and women in the family and restrictions on women's freedom. The complexity of interpersonal relationships is manifested in family relationships. In recent years, the incidence of divorce, domestic violence, rape and child abuse, human rights abuses, and human trafficking has increased. Violations of the family model are often the result of hands-on, discrimination and violation of the rights of a woman by her partner (husband). In this article, we are based on the main causes of these situations and sources of family conflict, types of family members and the latest statistics and research. At the root of family conflicts are not only resentment or disagreement between a man and a woman, but also the behavior of family members, various psychological traumas received in childhood, poor social conditions, alcohol dependence more often than men, jealousy in the family, poor family planning, etc. According to recent studies conducted in the country, the authors concluded that the cause of the conflict between family members can also be a change in the national mentality, family values and traditions.

Key words: family, violence, family model, relationship, personality characteristics, family value.

References

1. Kazakhstan Respublikasy Prezidentinin zholdauy [Message of the President of the Republic of Kazakhstan. Available at http://adilet.zan.kz/eng/docs/K18002018_1 (Accessed: 05.10.2018)
2. Nurgaliev R.N. Filosofskii slovar [Philosophical dictionary.] (Ana-tili, Almaty, 423p.)
3. Korablina E.P., Akindinova I.A., Bakanova A.A., Rodina A.M. Iskusstvo istseleniya dushi: Etyudy o psichologicheskoi pomoshi: Posobie dlya prakticheskikh psichologov [The Art of Healing the Soul: Etudes on Psychological Aid: A Handbook for Practical Psychologists] (SPb., 2001, 319 p.).
4. OON, Center po socialnomu razvitiyu i gumanitarnym voprosam [UN, Center for Social

- Development and Humanitarian Affairs]. Available at <http://www.un.org/ru/ga/70/presskit/>.
5. Garcia-Moreno C, Jansen HAFM, Ellsberg M, Heise L, Watts C. WHO multicounty study on women's health and domestic violence against women: initial results on prevalence, health outcomes and women's responses. (World Health Organization, Geneva, 2005, 3p.).
 6. Karen M. Devries, Joelle . Mak , Loraine J. Bacchus , Jennifer C. Child , Gail Falder , Max Petzold , Jill Astbury, Charlotte H. Watts. Intimate Partner Violence and Incident Depressive Symptoms and Suicide Attempts: A Systematic Review of Longitudinal Studies. PLOS Medicine | www.plosmedicine.org, 10(5), e1001439 (2013).
 7. Abdykadirova.R.//V Kazakhstane stalo bolshe nasiliya [More violence in Kazakhstan] Available at <https://rezonans.kz/obshchestvo/4344-v-kazakhstane-stalo-bolshe-nasiliya>.
 8. Baimukhanova M.T. Otbasy men aleumettik-pedagogikalыk zhumis [Social and pedagogical work with family.] (Parasat alemi, Astana, 2005, 180p.).
 9. Koyanbayev Zh., Koyanbayev R.M. Pedagogika [Pedagogy] (Zhalyн, Almaty, 1995, 276 p.).
 10. Soloviev N.Ya. Brak i semya segodnya [Marriage and family today] (Vilnius, 1977, 164p.).
 11. Shneider L.B. Semeinaya psichologiya [Family psychology]: uchebnoe posobie dlya vuzov (2011, 736p.).
 12. Furmanova I.A. Agressia i nasilie: diagnostika, profilaktika I korrekciya [Aggression and violence: diagnosis, preventio and correction] (Rech, SPb., 2007, 480 p.).
 13. «Turmystыk zorlyk-zombilik profilaktikasy turaly» Kazakhstan Respublikasinin Zani 4-bap. [Law of the Republic of Kazakhstan «On Prevention of Domestic Violence» Article 4].

Авторлар туралы мәлімет:

Шалғынбаева Қ.Қ. - п.ғ.д., профессор, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Янушкевич б, Астана, Қазақстан.

Махадиева А.К. - 6D012300 - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2 курс докторанты, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Янушкевич б, Астана, Қазақстан.

Shalgynbaeva K.K.- Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Head of the Department «Social pedagogy and self-knowledge», L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str. 6, Astana, Kazakhstan.

Makhadiyeva A.K. - PhD student of the 2nd course of the specialty 6D012300 - «Social pedagogy and self-knowledge», L.N.Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich str. 6, Astana, Kazakhstan.